

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 11 тамыздағы № 15-07/414 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 10 қыркүйекте № 9727 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 маусымдағы № 221 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.06.2017 № 221 бұйрығымен.**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 3-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және 29-бабы 1-тармағының б) тармақшасына, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
Министрінің  
2014 жылғы 11 тамыздағы  
№ 15-07/414 бұйрығымен бекітілген

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті"**

## **мемлекеттік мекемесі туралы ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) оған Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық актілерімен және осы Ережемен жүктелген агроөнеркәсіп кешені салаларындағы (бұдан әрі – реттелетін сала) іске асырушылық және бақылау-қадағалау функцияларын асыл тұқымды мал шаруашылығы, балара шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, астық нарығын реттеу, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру, мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині бөлігінде жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитеттің құрылымын, штаттық санын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы (бұдан әрі – Жауапты хатшы) Ауыл шаруашылығы министрімен (бұдан әрі – Министр) келіскеннен кейін бекітеді.

4. Комитет құрамы мыналардан:

- 1) мемлекеттік фитосанитариялық инспекция басқармасынан;
- 2) өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекция басқармасынан;
- 3) мемлекеттік астық инспекциясы және мақта саласындағы инспекция басқармасынан;
- 4) мониторинг және талдау басқармасынан;
- 5) мемлекеттік асыл тұқым инспекциясы басқармасынан;
- 6) құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасынан;
- 7) кадрлық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету және бухгалтерлік есеп басқармасынан тұрады.

Комитет Министрліктің қарамағындағы мынадай мемлекеттік мекемелерді басқаруды жүзеге асырушы орган болып табылады:

1) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. Комитет мемлекеттік мекеменің Министрлікке бағынысты ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғасы болып табылады, өзінің мемлекеттік тілде жазылған атауы бар мөрі мен мөртабаны, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті органдарында және банктерде шоттары бар.

6. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. Комитеттің егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болып түсуге құқығы бар.

8. Комитеттің заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 36 үй.

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті" мемлекеттік мекемесі.

10. Комитетте облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы, қалалар мен аудандардағы аумақтық құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде фитосанитариялық бақылау бекеттері, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдары бар.

Комитеттің қарамағындағы аумақтық құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі осы Ережеге 1-қосымшада келтірілген.

Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының тізбесі осы Ережеге 2-қосымшада келтірілген.

11. Осы Ереже Комитеттің құрылтайшы құжаты болып табылады.

12. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түспейді.

14. Комитетке заңнамалық актілермен оған табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру бойынша құқықтар берілген жағдайда, онда осындай қызметтен түскен табыс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Комитеттің негізгі міндеттері және функциялары мен құқықтары**

15. Міндеті: асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізеді және статистикалық ақпарат қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

3) бағалау туралы деректердің мониторингін жүргізеді және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етеді;

4) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімі деректерінің мониторингін жүргізеді және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етеді;

5) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізеді және басып шығарады;

6) ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, асыл тұқымдық орталықтардағы асыл тұқымды тұқымдық малдың тұқымдық, сапалық және сандық құрамын айқындайды;

7) "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастау туралы жеке және заңды тұлғалардан хабарламалар қабылдауды жүзеге асырады;

8) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастау туралы уәкілетті органды хабардар еткен жеке және заңды тұлғалар тізілімін жүргізеді және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

9) танылуын ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палата жүзеге асыратын, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тануды жүзеге асырады;

10) мал шаруашылығы саласындағы жаңа селекциялық жетістіктерді сынақтан және байқаудан өткізеді;

11) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

12) өткізілетін асыл тұқымды өнімге (материалға) берілетін асыл тұқымдық куәліктер деректерінің дұрыстығын бақылауды жүзеге асырады;

13) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер көрсететін малды бағалау және өз төлінен өсіру жөніндегі қызметтердің сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

14) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердегі, бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалардағы селекциялық және

асыл тұқымдық жұмыстың жай-күйін, оның есепке алынуы мен есептілігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

15) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің малды күтіп-ұстау, азықтандыру, сондай-ақ асыл тұқымды өнімді (материалды) сақтау жағдайларының талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

16) жеке және заңды тұлғалардың бюджет қаражаты есебінен сатып алынған асыл тұқымды малды пайдалануы тәртібін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

17) өткізілетін өнімге (материалға) асыл тұқымды мал зауыты, асыл тұқымды мал шаруашылығы, асыл тұқымдық мал орталығы, дистрибьютерлік орталық, асыл тұқымдық репродуктор және ірі қара малдың тұқымдары бойынша республикалық палаталар беретін асыл тұқымдық куәліктерде көрсетілген деректердің дәйектілігін тексеруге.

16. Міндеті: өсімдіктер карантині саласында іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың қызметтеріне орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;

2) карантинге жататын өнім транзитінің шарттарын айқындайды;

3) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар лауазымды тұлғалардың тізбесін, нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін айқындайды;

4) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

5) өсімдіктер карантині саласындағы жасалған келісімдерге сәйкес халықаралық нормалар мен талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді;

6) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөледі;

7) Қазақстан Республикасында және басқа мемлекеттерде карантиндік объектілердің бары және таралуы, олармен күрес жөніндегі шаралар мен іс-шаралар туралы дерекқорын жасайды және мүдделі тұлғаларға ақпарат ұсынады;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтерді (улы химикаттарды), оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтер (улы химикаттар) запасын құрады;

10) карантинге жататын өнімге фитосанитариялық және карантиндік сертификаттар береді;

11) өсімдік тектес өнімдер өсіретін, дайындайтын, қоймада сақтайтын, қайта өңдейтін және өткізетін ұйымдардың, ішкі сауда объектілерінің, шаруа немесе фермер, үй жанындағы және саяжай қожалықтарының аумағы мен үй-жайларына, ауыл шаруашылығы және басқа да мақсаттағы жерлерге тұрақты бақылау іріктеу зерттеулерін жүргізеді;

12) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырады және олардың жүргізілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

13) карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу немесе оны алып тастау туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне және жергілікті атқарушы органдарға енгізеді, сондай-ақ осы аймақтарда өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін әзірлейді және олардың өткізілуін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

14) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

15) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкелінетін карантинге жататын өнімді, қажет болған кезде үлгілерді іріктей отырып, оның зертханалық сараптамасын, көлік құралдарын, қол жүгін және багажды тұрақты бастапқы карантиндік тексеріп қарауды жүргізеді және әкелінетін және транзиттік карантинге жататын өнімге карантиндік құжаттарды қарайды;

16) әкелінетін карантинге жататын өнімнің түпкілікті қабылданатын пункттерінде аумақтың және оның шыққан жерінің, межелі пунктінің, сондай-ақ карантиндік объектілерден бос немесе олар мәңгі аз таралған аймақтардың фитосанитариялық сипаттамасын ескере отырып, осы өнімді екінші карантиндік тексеріп қарауды, қажет болған кезде үлгілерді іріктей отырып, оның зертханалық сараптамасын жүргізеді және карантиндік құжаттарын қарайды;

17) әкетілетін карантинге жататын өнімді тиіп жөнелту орындарында тұрақты карантиндік тексеріп қарауды, қажет болған кезде үлгілерді іріктей отырып, оның зертханалық сараптамасын және фитосанитариялық сертификаттауды жүргізеді;

18) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкетілетін және транзиттік карантинге жататын өнімдердің карантиндік құжаттарының болуын және дұрыс ресімделуін тұрақты негізде қарайды;

19) Қазақстан Республикасының ішкі сауда объектілерінде және ұйымдарында карантинге жататын өнімді тұрақты тексеріп қарауды, қажет

болған кезде үлгілерін іріктей отырып, оның зертханалық сараптамасын жүргізеді және карантиндік құжаттарды қарайды;

20) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды орындау туралы нұсқамалар береді және олардың орындалуын бақылайды;

21) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы сотқа талап арыз жібереді;

22) жерсіндіру-карантиндік көшеттіктердегі импорттық егу және отырғызу материалының карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен көмескі залалдануының болуын тексеру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және бақылайды;

23) жеке және заңды тұлғалардың карантиндік шараларды орындауын тұрақты бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады.

17. Міндеті: астық нарығын реттеу саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) мемлекеттік астық ресурстарының көлемі, құрылымы, оны қалыптастыру, сақтау, жаңарту, ауыстыру және пайдалану қағидалары бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) астық нарығының мониторингін жүзеге асырады;

3) астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, оған қатысушылардың қызметін үйлестіреді және реттейді;

4) мемлекеттік ресурстар астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындарына және көрсетілген астық қабылдау кәсіпорындарынан астық әкетуді жүзеге асыратын көлік ұйымдарына астықтың кез келген мөлшерін тиіп жөнелтуді келіседі;

5) астық нарығына қатысушыларында астықтың нақты болуы мен сапасын және оның есептік деректерге сәйкестігін тексереді;

6) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу, сондай-ақ, "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдайды;

7) астық қабылдау кәсіпорындарының: астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астық сақтау; астық қолхаттарын беру, айналымы және өтеу қағидаларын сақтауын бақылауды уәкілетті органның облыстық аумақтық

бөлімшелерінің бастықтары бекіткен кестелердің негізіндегі тоқсан сайынғы жоспарлы тексеріс, сондай-ақ астық нарығына қатысушылардың өтініші негізіндегі жоспардан тыс тексеріс түрінде жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқамалар береді, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

9) астықтың қауіпсіздігін және сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

10) астық сапасын сараптау және астық сапасы паспортын беру тәртібін сақтау мәніне астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

11) астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталуы мәніне астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялайды (тексереді);

12) "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп жөнелтуге тыйым салады;

13) мемлекеттік астық ресурстарын тиеп жөнелтілуін және тасымалдануын (орын ауыстырылуын) бақылауды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өкілеттіктер шегінде мемлекеттік астық ресурстарының басқарылуын бақылауды жүзеге асырады;

15) астықты экспорттаушылардың мемлекеттік астық ресурстарына астықты жеткізу жөніндегі міндетті сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

16) астықтың сандық-сапалық, оның ішінде мемлекеттік ресурстар астығының жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын сақтауы мәніне астықты экспорттаушылардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

18) астық қабылдау кәсіпорындарын олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін жыл сайынғы тексеруді өткізуге қатысады;

19) астық қолхаттарын бере отырып қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданысын тоқтата тұру және (немесе) лицензиядан айыру туралы облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыныстар енгізеді;

20) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу жөніндегі ұсыныстар енгізеді;



21) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарламалар жібереді;

22) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, астықты экспорттаушылар мен астық қабылдау кәсіпорындарына нұсқамалар береді;

23) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді ;

18. Міндеті: өсімдіктерді қорғау саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуде мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіреді;

2) тіркеу, өндірістік сынақтар және ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін пестицидтердің (улы химикаттардың) санын айқындайды;

3) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын және мемлекеттік тіркеуді ұйымдастырады;

4) пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеуді және пестицидтерді (улы химикаттарды) Қазақстан Республикасының аумағында қолдану құқығына тіркеу куәліктерін беруді жүзеге асырады;

5) пестицидтер (улы химикаттар) тізімін әзірлейді, бекітеді және жүргізеді;

6) фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастырады;

7) пестицидтерді (улы химикаттарды), оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ пестицидтердің (улы химикаттардың) запасын құрайды;

8) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер бойынша фитосанитариялық мониторингті ұйымдастырады;

9) бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) фитосанитариялық мониторинг деректеріне және қалыптасқан фитосанитариялық жағдайға қарай Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөледі;

10) пестицидтердің (улы химикаттардың) түрлері бойынша запас нормативтерін және оларды пайдалану тәртібін белгілейді;

11) фитосанитариялық есептілік түрлерін, оларды ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындайды;

12) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

13) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі нұсқамалар шығарады және олардың орындалуын бақылайды;

14) фитосанитариялық есепке алу мен есептілік жүргізуді ұйымдастырады;

15) Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шаралардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;

16) мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне барады;

17) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамалар шығарады;

18) айрықша жағдайларда үш күннен аспайтын мерзімде сотқа міндетті түрде талап арыз бере отырып, аталған мерзімге жеке және заңды тұлғалардың қызметін сот шешімінсіз тоқтата тұрады немесе оған тыйым салады;

19) Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік жауапқа тартады;

20) өсімдіктерді қорғау саласындағы халықаралық бағдарламаларды іске асыруға қатысады.

19. Міндеті: тұқым шаруашылығы саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) селекция, сорттық сынау және тұқым шаруашылығы жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асырады;

2) мемлекеттік тұқым ресурстарын қалыптастыру мен басқаруды және олардың сандық-сапалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

3) республиканың тұқым ресурстарының мониторингін жүзеге асырады;

4) гендік инженерия негізінде алынған сорттар (гендік түрлендірілген) тұқымының партияларын Қазақстан Республикасына әкелуді келіседі;

5) уәкілетті орган бекіткен сорттарды тіркеу қағидаларына сәйкес сорттардың оригинаторларын тіркейді;

6) отандық және шетелдік селекция сорттарын мемлекеттік сынауды ұйымдастырады;

7) тиісті куәлікті бере отырып тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттауды өткізеді.

20. Міндеті: өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) сақтандырушыдан, сақтанушыдан, агенттен және қоғамнан олар өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратады және алады;

2) сақтанушылардың міндетті сақтандыру туралы шартты жасасудан жалтаруы туралы және Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасының және "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын қоғамның сақтамауы туралы істерді қарайды;

3) өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерінің орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) агенттің, қоғамның қызметіне, олардың Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

21. Міндетті: техникалық реттеу саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциясы:

Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

22. Міндеті: агроөнеркәсіптік кешен саласындағы реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне ақысыз негізде ұсынуға жататын ақпараттың және көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлейді;

2) агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз ету және кадрларды даярлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады.

23. Міндеті: ақпараттандыру саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) орталық атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері мен жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасау тәртібін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп айқындайды;

2) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарға және мемлекеттік ақпараттық жүйелерге жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін ұйымдастырады.

24. Міндеті: мақта саласын дамыту саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) мақта саласын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруды және басқаруды қамтамасыз етеді;

3) мақта нарығының мониторингін жүргізеді;

4) мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдайды;

5) мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарының сандық-сапалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

6) мақта өңдеу ұйымдарының мақта қолхаттарын беру, олардың айналымы, жою және өтеу қағидаларын сақтауына бақылауды жүзеге асырады;

7) сарапшы ұйымның мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру ережелерін сақтауын жыл сайынғы бақылау.

25. Міндеті: машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

2) осы Заңда және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мен жабдықтарды жасауды, өткізуді және олардың нарықтағы айналысын тоқтата тұру туралы нұсқамалар береді.

26. Міндеті: биоотын өндірісі және айналымы саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) өз құзыреті шегінде биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) биоотын өндірісі мониторингін жүргізеді;

3) биоотын өндірісі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

27. Міндеті: мемлекеттік мүлік саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) тиісті саладағы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде тиісті салада мемлекеттік мүлікті басқару аясындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

2) республикалық заңды тұлғалардың мүлікті сақтауын және республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының дамыту жоспарларын орындауын бақылауды жүзеге асырады;

3) тиісті саладағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дамыту жоспарларын орындауларын бақылауды және талдауды жүзеге асырады.

28. Негізгі міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін Комитет өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіпте мынадай құқықтар мен міндеттерді:

1) мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне барады;

2) реттелетін салада Қазақстан Республикасы заңнамасы бұзылса, анықталған бұзушылықтарды түзету туралы жеке және заңды тұлғаларға нұсқама шығарады;

3) карантиндік объектілер анықталған ерекше жағдайларда дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметін сот шешімінсіз үш күннен аспайтын мерзімге, көрсетілген мерзімде сотқа қызметті тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы талап арызды міндетті түрде ұсына отырып, тоқтата тұрады. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шығарылғанға дейін қолданыста болады;

4) реттелетін салада әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырады, реттелетін салада Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылған жағдайда тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартады;

5) карантинге жатқызылған өнім мен өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау және қадағалау объектілерін тексеріп қарау, қарап тексеру, фитосанитариялық сараптама жүргізу және қажет болған жағдайда, залалсыздандыру кезеңінде, сондай-ақ оларды фитосанитариялық не карантиндік сертификатсыз тасымалдау кезінде немесе олар фитосанитариялық талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кідіртеді;

6) басқа мемлекеттерден әкелінетін, олардың фитосанитариялық жай-күйлері туралы мәліметтер зерттелмеген, сондай-ақ тиісті халықаралық ұйымдардан алынған ақпараттарды қоса алғанда қолда бар ақпараттардың және басқа мемлекеттер қолданатын фитосанитариялық шаралар туралы ақпараттардың негізінде жасалған ғылыми негіздемелері жеткіліксіз болғанда карантинге жатқызылған өнімдерге қатысты уақытша карантиндік шараларды қолданады (енгізеді);

7) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау объектілеріне баруға және оларда Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен Қазақстан Республикасы

Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуы тұрғысынан зерттеп-қарауды жүргізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алуға;

8) зертханалық сараптама жүргізу үшін карантинге жатқызылған өнімдердің үлгілерін алады;

9) реттелетін салада Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайда, арыз талаптармен сотқа жүгінеді, оларды қарауға қатысады;

10) шикі мақта өндіретін, шикі мақтаны мақта талшығына алғаш өңдейтін, шикі мақтаны сақтайтын өндіріс объектілеріне, астықты өндіру, сақтау және қайта өңдеу орнына (қызметтік куәлігін және құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарында тіркелгені жөнінде белгісі бар актіні көрсеткен жағдайда) кедергісіз кіреді, сондай-ақ мақта және астық нарықтарына мемлекеттік бақылау және мониторинг жүргізуге керекті ақпаратты алады;

11) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның күшін тоқтата тұру және (немесе) одан айыру туралы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тиісті жергілікті атқарушы органына ұсыныстар енгізеді;

12) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердегі, бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалардағы селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың жай-күйіне, оны есепке алуға және оның есептілігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

13) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің малды күтіп-бағу, азықтандыру, сондай-ақ асыл тұқымды өнімді (материалды) сақтау шарттарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

14) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер көрсететін малды бағалау және өсімін молайту жөніндегі қызметтердің сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

15) бюджет қаражаты есебінен сатып алынған асыл тұқымды малды жеке және заңды тұлғалардың пайдалануы тәртібіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) өткізілетін өнімге (материалға) асыл тұқымды мал зауыты, асыл тұқымды шаруашылықтар, асыл тұқымды мал орталықтары, дистрибьютерлік орталықтар, асыл тұқымдық репродукторлар және ірі қара малдың тұқымдары бойынша республикалық палаталар беретін асыл тұқымдық куәліктерде көрсетілген деректердің дұрыстығын тексереді;

17) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінде көзделген тәртіппен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және әкімшілік жазалар қолданады;

18) "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардан асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастағаны туралы хабарламаларды қабылдайды;

19) өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде, бұл жөнінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар ресми сұрау салған ретте қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсынуға;

20) Комитет қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілер этикасы нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

21) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің және бағынысты ұйымдардың қызметтеріне бақылауды жүзеге асырады;

22) реттелетін салада Қазақстан Республикасы заңнамаларында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

### **3. Комитет қызметін ұйымдастыру**

29. Комитеттің өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қажетті өкілеттіктері бар.

30. Комитетті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын төраға басқарады.

31. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

32. Комитет төрағасы Комитеттің қызметіне жалпы басшылық жүргізеді және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауапты болады.

33. Комитет төрағасы Комитеттің құрылымы және штаттық саны бойынша Жауапты хатшыға ұсыныстар енгізеді.

34. Комитет төрағасы өз құзыреті шегінде:

1) өзінің орынбасарының міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;

2) Комитеттің облыстық және қалалық (Астана, Алматы) аумақтық бөлімшелерінің және ведомстволық бағынысты ұйымдар басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Комитет орынбасарынан басқа, Комитет қызметкерлерін, сондай-ақ ведомстволық бағынысты

ұйымдардың басшыларын және олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Комитеттің және ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік әкімшілік қызметкерлерінің тиісті лауазымдарына арнайы атақтарды беруге және алып тастауға құқығы бар;

5) белгіленген заңнамалық тәртіпте Комитет қызметкерлерін және ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын және олардың орынбасарларын, мадақтайды және әкімшілік жазаға тартады;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының Жарғысын бекітеді;

8) Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының штаттық санын бекітеді;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте Комитет қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

10) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте облыстық және қалалық (Астана, Алматы) аумақтық бөлімшелерінің және ведомстволық бағынысты ұйымдар басшыларының және олардың орынбасарларына демалыстар беру мәселелерін шешеді;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте облыстық және қалалық (Астана, Алматы) аумақтық бөлімшелерінің және ведомстволық бағынысты ұйымдар басшыларының және олардың орынбасарларын іссапарға жіберу, материалдық көмек көрсету, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін келіседі;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында белгіленген тәртіпте Комитетті мемлекеттік органдарда, халықаралық және басқа ұйымдарда білдіреді;

13) өз құзыреті шегінде Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына жеке жауапкершілік артады;

14) Қазақстан Республикасының заңдарына және Президентінің актілеріне сәйкес өзге өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

35. Комитет төрағасының орынбасары:

1) өз құзыреті шегінде Комитет қызметін үйлестіреді;

2) Комитет төрағасының болмаған кезеңдерінде Комитет қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Комитетке жүктелген міндеттердің



орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді ;

3) Комитет төрағасы белгілеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

36. Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Комитет атынан Министрліктің басқа құрылымдық бөлімшелеріне жіберілетін құжаттарға Комитет төрағасы және оның орынбасары, олар болмаған жағдайда, оларды ауыстыратын тұлға қол қояды.

37. Комитет қабылдайтын шешімдер Комитет төрағасының, ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адамның бұйрықтарымен ресімделеді.

#### **4. Комитеттің мүлкі**

38. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауландырылған мүлкі болады.

39. Комитеттің мүлкі мемлекет оған берген мүліктің есебінен қалыптастырылады және негізгі және айналымдағы қаражаттан, сондай-ақ құны Комитет балансында көрсетілетін басқа да мүліктен тұрады.

40. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

41. Комитеттің оған бекітіліп берілген мүлікті өздігінен шеттетпейді немесе өзге тәсілмен иелік етпейді.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және жою

42. Комитетті қайта ұйымдастыру және жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігінің  
Агроөнеркәсіптік кешендегі  
мемлекеттік инспекция комитеті"  
мемлекеттік мекемесі  
туралы ережеге 1-қосымша

#### **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің қарамағындағы аумақтық бөлімшелерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекциясы.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақкөл аудандық аумақтық инспекциясы.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Аршалы аудандық аумақтық инспекциясы.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Астрахан аудандық аумақтық инспекциясы.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Атбасар аудандық аумақтық инспекциясы.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бұланды аудандық аумақтық инспекциясы.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Егіндікөл аудандық аумақтық инспекциясы.

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ерейментау аудандық аумақтық инспекциясы.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Есіл аудандық аумақтық инспекциясы.

10. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жақсы аудандық аумақтық инспекциясы.

11. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жарқайың аудандық аумақтық инспекциясы.

